

Т. Жармагамбетов атындағы орта мектептің 6 «Г» сыныбының жетекшісінің
2021-2022 оку жылында жүргізілген жұмыстары жөнінде талдау

6 «Г» сыныбы 2021-2022 оку жылын 20 оқушымен бастады, оның ішінде 12 қыз, 8 ер бала. Сыныптағы барлық оқушылардың кай жерде тұратындығы, жалпы отбасылық жағдайларының қандай екендігімен танысу мақсатында қыркүйек айында үйлерін аралап шықтым. Сыныпта 10 оқушы үйірмеге қатысады. Сыныпта 3 оқушы әлеуметтік жағдайына байланысты ыстық тамақпен қамтылып отыр: Абылова Шұғыла, Қосқұлакова Нұрайым, Жарылғасын Мират. Жыл басында 2021-2022 оку жылына арналған тәрбие жоспары жасақталып бекітілді. Жоспарға сәйкес тәрбие сағаты өткізіліп отырды. Қыскы демалыста мұз айдынына барып, коңықи теуіп қызықты уақыт өткіздік. Отан қоргаушылар күнінде балалар музейге барып, Ұлы Отан Соғысының ардагері Қожабай Жазықов атамыздың баласы Балғали Жазықовпен кездесіп, әдемі сұхбат алғып келдік. Балалар ерекше әсерде болды.

Оқушылар спорттық, білім, өнер сайыстарына белсене араласады. Аудандық, облыстық жарыстардан алған марапаттарына тоқталатын болсам:

«Байғанин аудандық шығармашылық орталығы» МКҚК 2020 жыл «Балалар жылы» аясында ұйымдастырылған «Шығармашылық әлемі» аудандық байқауында қалдық материалдар бағыты бойынша II дәрежелі орынмен **Ауданбаева Мадина** марапатталды.

«Балалар жылы» бағдарламасы аясында және М.Әуезовтың 125 жылдығына арналған 2008-2010, 2011-2012 ж.т. жасөспірім ұлдар, қыздар арасындағы Байғанин балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің біріншілігінде 32 кг салмақта 3 орын алған **Сәтиев Әділхан** марапатталды.

Қазақстан Республикасының 30 жылдығы және қазақ халқының тарихындағы тұңғыш балуан Қажымұқан Мұңайтпасовтың 100 жылдығына орай дзюдо куресінен асөспірім ұлдар мен қыздар арасында ашық облыстық турнирден 44 кг салмақ дәрежесінде 3 орынмен **Біржанқызы Ұлжан** марапатталды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай «Ұлттың ұлы тұмары – Тәуелсіздік» тақырыбында ұйымдастырылған тәрбие сағатында класс оқушылары арасында өткен көрмеге белсене қатысып **Жарылғасын Мират** марапатталды.

«Балалар жылы» бағдарламасы аясында және Д.А. Қонаевтың 110 жылдығына арналған 2010-2012 ж.т. жасөспірім қыздар арасында өткен Байганин балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің ашық біріншілігінде I орынмен **Біржанқызы Ұлжан** марапатталды.

2021-2022 оқу жылына арналған аудандық білім беру үйымдары арасында ұлттық мектеп лигасының «Шұбар доп» волейбол сайысы бойынша қыз балалар арасынан II-орынга **Біржанқызы Ұлжан** ие болды.

Байганин аудандық дene шынықтыру және спорт бөлімінің алғыс хатымен **Сәтиев Әділхан** марапатталды.


Тоғызбай Инжу «Қазақстан Балалар Дауысынан» іріктеуден отіп, Нұрсұлтан қаласына барып «Самға» әнін орында, бағын сынап кайтты. Оны Қазақстан ұлттық телеарнасынан көрсететін болады.

Халық қаһарманы, КСРО және Қазақстан Республикасының халық әртісі Роза Бағланованаң 100 ылдық мерейтойына арналған «Ақмандаілым» ашық ән байқауына қатысушы **Тоғызбай Инжу** II дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Балалар жылы» бағдарламасы аясында және А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған тоғызқұмалақтан 9,11,13 жастағы жасөспірім қыздар мен ұлдар арасында өткен Байганин балалар-жасөспірімдер біріншілігінде 2 орынмен **Жарылғасын Мират** марапатталды.

2021-2022 оқу жылына арналған бұқаралық сауықтыру іс-шараларының жоспарына сәйкес және «Балалар жылына» орай 6-сыныптар арасындағы футболдан мектепшілік жарысында үздік нәтиже көрсетіп «үздік қорғаушы» атағын **Жарылғасын Мират** иеленді.

Мектепшілік 6-сыныптар арасында өткен біріншілікте жүлделі III-орын алып, 6 г сыныбы марапатталды.

Класс жетекшісі:  Ж.Е.Кенжегалиева